



БҰЙРЫҚ

“ 1 ” қыркүйек 20 21 ж.г.  
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 97  
город Кызылорда

**2021-2022 оқу жылының басталуын,  
ұзақтығын және каникул кезеңдерін  
айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Заңының 5 – бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17669 болып тіркелген) бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, Қызылорда облысының білім басқармасының 2021 жылғы 25 тамыздағы №131-нқ/ 1 санды бұйрығына және Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 95- н/қ бұйрығына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын.
  - 1) 2021-2021 оқу жылының басталуы 2021 жылғы 1 қыркүйек;
  - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда -33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда- 34 оқу аптасы
  - 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:  
1-11(12) -сыныптарда күзгі каникул -7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында),  
қысқы-11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында),  
көктемгі -12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында);  
1-Сыныптарда: қосымша каникул -7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығында)
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Сүлейменоваға тапсырылсын.

№267 орта мектеп директоры М.Байдилдаева



«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№267 ОРТА МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА  
№267» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО  
ГОРОДУ ҚЫЗЫЛОРДА  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ**

« 31 » тамыз 20 22 ж./г.  
Қызылорда қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 80  
город Кызылорда

**2022-2023 оқу жылының басталуын,  
ұзақтығын және каникул кезеңдерін  
айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 – бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, Қызылорда облысының білім басқармасының 25 тамыздағы №48 бұйрығы және Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 95- н/қ бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:
  - 1) 2022-2023 оқу жылының басталуы 2022 жылғы 1 қыркүйек;
  - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда -35 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда- 36 оқу аптасы
  - 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:  
1-11(12) -сыныптарда күзгі каникул -7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул-9 күн (2022жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул - 9 күн (2023жылғы 18-26 наурыз аралығында);  
1-сыныптарда қосымша каникул -7 күн (2023жылғы 6-12 ақпан аралығында)
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Сулейменоваға тапсырылсын.

№267 орта мектеп директоры  
міндетін уақытша атқарушы  Г.Сулейменова





БҰЙРЫҚ  
« 19 » 10 2023 ж./г.  
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ  
№ 163 н/к  
город Кызылорда

**2023-2024 оқу жылының басталуы  
және аяқталуы мерзімдерін, сондай-ақ  
білім алушыларды қорытынды  
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін  
айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 381 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрығын, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2023 жылғы 09 қазандағы №160 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

**1. 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуы мынадай мерзімде айқындалсын:**

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында);

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

**2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:**

9 (10-сынып оқушылары үшін қорытынды юітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

**3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:**

9 (10)-сынып оқушылар үшін:

1) ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан-2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша) шет тілі (ағылшын), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым.

11 (12) –сынып оқушылар үшін:

- 1) ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан-2024 жылғы 28 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 31 мамыр;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша – 2024 жылғы 4 маусым;
- 4) орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша – 2024 жылғы 7 маусым;
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, , дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша) шет тілі (ағылшын), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

№267 орта мектеп директоры



С.Б.Рахымшаева